# 9 мамыр - Жеңіс күні !




Ұлы Жеңіске-71 жыл!

# Ешкім де,
# еш нәрсе де
# ұмытылмайды!




# Желбіре,Жеңіс жалауы!



# Сабақтың мақсаты:

**Білімділік:**

**Оқушыларға Ұлы Отан соғысының шығу себептерін түсіндіре отырып, шайқастағы Қазақстандықтардың ерліктері мен тыл еңбеккерлерінің қосқан үлестері туралы мағлұмат беру.**

**Дамытушылық:**

**Оқушылардың тарихи оқиғаларды есте сақтау, зерттеу, іздену шығармашылық жұмыс істеу қабілетін дамыту.**

**Тәрбиелік:**

**Ұлы жеңістің тарихи маңызын танып-білуге «ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды» деген сөздің құндылығын ұғындыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу.**

## I.Қызығушылығын ояту.

**Деректер сыр шертеді.**

1.Ұлы Отан соғысы туралы деректер.
2.Кесте зер сал.
3.Суретпен жұмыс жүргізу.




# Ұлы Отан соғысы туралы деректер.



# Ұлы Отан соғысы (1941-1945)

Фашистік Германия 1941 жылы 22 маусымда соғыс жарияламастан, тұтқиылдан КСРО-ға шабуыл жасады. Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы басталды.
Тарихта Ұлы Отан соғысындай қасіретті соғыс болған емес. Соғыста 27 миллионнан астам кеңес адамы қаза тапты. Соның ішінде 410 мыңы қазақстандықтар болатын.


СССР
РСФСР
Украинская ССР
Белорусская ССР
Узбекская ССР
Казахская ССР
Грузинская ССР
Азербайджанская ССР
Литовская ССР
Молдавская ССР
Латвийская ССР
Киргизская ССР
Таджикская ССР
Армянская ССР
Туркменская ССР
Эстонская ССР



Фашистік Германияның КСРО-ға шабуылы.

# Ұлы Отан соғысының басталуы



1941 жыл.

# Қазақстандықтар Мәскеу үшін шайқаста.

Фашистік Германия Кеңес Одағының астанасы – Мәскеуді бірнеше апта ішінде басып аламыз деп жоспарлады. Бірақ Мәскеу түбіндегі шайқаста Қызыл армия ентелеп келе жатқан фашист басқыншыларын тоқтатып, өздері қарсы шабуылға шықты. Бұл жеңісте қазақстандықтардың үлесі зор болды.

Фашизм- дүние жүзіне үстемдік орнатуға тырысқан кертартпа топ, бірлестік.

1940 жылы 18 желтоқсанда Гитлер қол қойған жоспар қалай аталады?

**Барбаросса**

# Кестеге зер сал.



Қазақстаннан 1 млн. 200 мың адам соғысқа аттанды

Әскери бөлімшелер:
- 12 атқыштар дивизия;
- 4 атты әскер дивизия;
- 7 атқыштар бригадасы;
- 50-ден жеке полк, батальон.

Әскер көп ұлтты:
- 50 % қазақ;
- 37% орыс;
- 13% басқа ұлт.

1941 - 1945 жж. әскери оқуға
- 42 мың жастар жіберілді.
- Қазақ жеріндегі 27 әскери оқу орнында 16 мың офицер шықты.

316 атқыштар дивизиясы, генерал Панфилов.

Еңбек армиясына алынғаны — 700 мың адам.

Көшіп келгендер:
- Батыстан 532,5 мың;
- Жер аударғандар: 970 мың неміс, поляк

Азық-түлік карточкасы енгізілді.

Соғыстан оралмағандар 601 мың адам, әрбір үшінші қазақстандық

Кеңес Одағының Батыры — 11600 адам, Қазақстандық 497 адам, 97 қазақ

Даңқ Орденінің III дәрежесіне ие болған 110 қазақстандық.

**2 рет «Совет Одағының Батыры» атағын алған ұшқыштар:**
- Т.Бигелдинов
- Л.И.Беда
- И.Ф. Павлов
- С.Д.Луганский.

Берлинге ту тіккендер:
- Р.Қошқарбаев
- Г.Булатов
- Қ.Мәденов
- Р.Қарманов

**1941 ж. Мәскеу соғысында:**
- 316 Панфилов дивизиясы,
- Клочков,
- Б.Момышұлы,
- Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров Батыр атанды.

**Ленинград шайқасында:**
- Балтық шайқасында 156 қазақстандық.
- Сұлтан Баймағанбетов
- Дүйсенбай Шыныбеков.
- Жамбыл «Ленинградтық өрендерім».

**Сталинград майданы:**
- Жамбыл баласы Алғадай 7- гвардиялы дивизия. Павлов үйінде Толбай Мырзаев, Қасым Аманжолов, Қарсыбай Сыпатаев ерлік көрсетті.

**Дзотты жапқандар:**
- С.Баймағанбетов.
- Боран Нысанбаев
- Тастемір Рүстемов
- Сүндет Есқалиев
- Ақәділ Суханбаев
- Жұман Қарақұлов.

**Ең жас батыр:**
- Жәнібек Елеусізов 18-де

**Қазақ қыздары:**
- Әлия Молдағұлова
- Мәншүк Мәметова.

# Тарихта 1418 күн мен түнге созылған Ұлы Отан соғысы болып өтті.

| КСРО бойынша Кеңес Одағының батыры | Соның ішінде Қазақстандықтар | қазақтар |
|---|---|---|
| 11600 адам | 497 адам | 97 адам |

# Қазақстаннан әр ұлт өкілдері Ұлы Отан соғысына қатысты

| Ұлттар | Пайыз есебімен |
|---|---|
| Қазақ | 50% |
| Орыс | 37% |
| Басқа ұлт өкілдері | 13% |

Қазақ жерінен 1 200 000 адам соғысқа аттанды.

# Ұлы Отан соғысында құрбан болған адам саны.

| Жалпы әлем бойынша | Фашистік Германия бойынша | Кеңестер одағы бойынша | Қазақстан бойынша |
|---|---|---|---|
| 70 000 000 | 10 000 000 | 27 000 000 | 400 000 |

# Біздің батыр бабалар.

# Төлеген Тоқтаров

Төлеген Тоқтаров Мәскеу түбіндегі Бородино селосы үшін шайқаста неміс штабына ең бірінші болып кіріп 5 неміс офицерін жойып қаза болған. Кеңес Одағының Батыры.



# Жазушы жауынгерлер.





1941 жылы Алматыда генерал И. В. Панфилов *316-атқыштар дивизиясын* жасайды.
Волоколомск жолын қорғаған 28 панфиловшының 22-сі қазақстандықтар еді. Мәскеу түбіндегі шайқаста 316-атқыштар дивизиясы
( кейін 9-гвардиялық атқыштар дивизиясы) командирі, Кеңес Одағының Батыры
Бауыржан Момышұлы болған.

1941 жылдың қыркүйегінен бастап соғыста Отанды қорғау борышын абыроймен атқарады. Аға политрук болады. Майданда И. В. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияда жауға қарсы шайқасады. Осы ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен (№ 1035) Мәлікке 1943 жылдың 30-қаңтарынан бастап Кеңес Одағының Батыры
Мәлік Ғабдуллин
атағын береді

# Ұшқыш болған батыр бабаларымыз.





**Нұркен Әбдіров**

267 әуе дивизиясының 808-ші шабуылшы полкы құрамында майданға аттанды. Барлығы 17 рет әуе шайқасына қатысқан Нұркен жаудың 18 танкісін, 46 жүк машинасы мен көлігін, талқандады.1943 жылғы наурыздың 31-де еліміздегі ең мәртебелі атақ – **Кеңес Одағының Батыры** атағы берілген еді

**Талғат Бигелдинов**

**Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олардың бірі ұшқыш – Талғат Бигелдинов.**

# Батыр апалар.





**Әлия Молдағұлова .** **Қаһарман қазақ қызы, Кеңес Одағының Батыры 1942 ж. өз еркімен Қызыл Әскер қатарына алынып, мергендердің Орта әйелдер мектебін үздік бітіріп шықты (1943). 1943 жылдың тамыз айынан**

**2-Прибалтика майданында 26-атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысып, мергендігімен көзге түсті**

**Мәншүк Мәметова**

**1944 жылдың 1 наурызында ержүрек қызға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ұлы Отан соғысында ол Невель қаласының түбіндегі шайқаста соңғы демі үзілгенше қолынын пулеметті тастамаған күйінде қаза болды.**

# Қазақ халқының батыр қыздары Әлия мен Мәншүк.




301


Adolf Hitler



1945 жылы
2 мамырда Берлин қаласы алынды, Рейхстаг қабырғасына алғашқы болып ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев



Бұл мейрамды бұрынғы кеңес одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды.

**Ұлы Отан** соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты.



# Жерлес батырларымыз туралы не білеміз?







Арқаттың үш ұрпағы ерлеп шықты,
Қан майдан, қиян кескі ұрыстарда.
Зәкәрия, Баян және Серікқазы,
Ерлігіне бұлардың халқы разы.

# Зәкәрия Белібаев



Семей облысы (Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) Абай ауданының Қарауыл ауылында дүниеге келген. Майдан шебінде 1941 жылдың маусым айынан бастап болды.18-ші жеке понтон-көпірлік батальонның понтоншысы.1943 жылы Днепр өзенінен өту кезінде көзге түсті. Бөлімшенің жараланған командирінің орнын басты,өзеннің оң жағасына бірінші болыпдесант түсірді.Бірнеше тәулік бойы дұшпан жаудырған оқтың астында жеке құрам мен техниканы өткізді.
Ленин, II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған.КСРО Жоғарғы Кеңесі Президениумының 1943 жылғы 10 қазандағы жарлығымен аға сержант З.Белібаевқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

# Жерлес батырға-құрмет





**Арқат ауылының мектебіне**
***1990 жылы***
**Кеңес Одағының Батыры**
***Серікқазы Бекбосыновтың***
**есімі берілді.**


Ұлы Жеңіске- 71 жыл!

## ІІ. Ой шақыру.

Ерлік, батырлық туралы

мақал-мәтел айту.

# Мақалдың жалғасын тап.

- ... есімі –ел есінде.
- Еліңді сүйсең- ..... істейсің.
- Батыл болмай- .... болмайсың.
- .... адам өлімді жеңеді.
- Тәуекелге бел буған адамды .... билемейді.
- .... қол бастар.

Дерек.

1.Ұлы Отан соғысы кезінде Қажымұқан Мұңайтпасов жіберген ақшаға ұшақ жасалды.

2.Мәншүктің шын аты - Мәнсия. Анасы еркелетіп Моншақ деп атаған.

# III.Ой толғаныс.

Жаттаған өлеңдерін  оқу.

## IY.Кел,ойнайық!

**«Мерген» бола аламыз ба?**



# Мәншүк кім болды?







**СНАЙПЕР!**

нысана

# Әлия кім болды?




нысана

# Бауыржан Момышұлы кім болды?

СНАЙПЕР!

нысана

# Талғат Бигелдинов кім болды?

ұшқы

СНАЙПЕР!

нысана

Біздің ауылымызда өткен
Ұлы Жеңістің -70 жылдығынан көріністер.






З.БЕЛІБАЕВ


ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ
70 ЖЫЛ
1925 - 1977


1923 - 1945
ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 70 ЖЫЛ









**“Әрқашан күн сөнбесін” әнін хормен айту.**

# Назарларыңызға

# р а х м е т !